

# *Әлеуметтану*

*Дайындағандар: Алламбергенова.М, Ахмет.Ү, Токбурина.А ,  
Пірімқұл.Н ,Кулубек.А.  
Тексерген:Иманбаева.С.Ж*

# *Жоспар*

- 1. Әлеуметтану ғылым ретінде.*
- 2. Әлеуметтанудың қалыптасуы және даму кезеңдері.*
- 3. Қазіргі әлеуметтану теориялары.*
- 4. Әлеуметтанулық зерттеулердің әдіснамасы.*

# Әлеуметтану ғылым ретінде



Әлеуметтану ғылыми білімнің дара саласы ретінде біршама кеш қалыптасты. Оның негізін 19-шы ғасырдың екінші жартысында Огюст Конт пен Герберт Спенсер қалады. «Әлеуметтану» түсінігі алғаш рет француз философы әрі социологы О. Контпен қолданылды. Қоғам мен әлеуметтік өмір жөнінде ғылым ретінде түсіндірілді. Әлеуметтану пәнінің қалыптасауы мен дамуы әлеуметтік қатынастардың өз аспектісінде қарастыратын, көптеген жаңа әлеуметтік концепциялардың пайда болуы арқылы жүзеге асты. Жалпы бұл теориялар өзінің теоретикалық-әдістемелік мағынасы бойынша бір-біріне қайшы келді, бірақ әлеуметтанудың ғылым ретінде тарихи қалыптасуына әр теориялардың ролі айрықша келеді. Әлеуметтануды қоғамдағы әлеуметтік қауымдар, қатынас, құрылым, жүйе мен ұйымдардың дамуы жөнінде зерттейтін ғылымы деп белгілейді.

Әлеуметтану


```
graph LR; A[Әлеуметтану] --> B[Әлеуметтану ғылымының объектісіне]; A --> C[Әлеуметтану пәніне]; B --> D[зерттеу үрдісінің бағыты]; C --> E[байланыстар мен қатынастар жатады];
```

Әлеуметтану  
ғылымының  
объектісіне

зерттеу үрдісінің  
бағыты

Әлеуметтану  
пәніне

байланыстар мен  
қатынастар  
жатады



# ӘУМЕТТАНУ ПӘНІ

- Әлеуметтік зерттеу объектісіне ғылыми анализға жататын, әлеуметтік қарама-қайшылық жатқызылады.

Социологиялық зерттеудің пәні объект қасиеті мен мәселе сипатымен

айқындалады. Әлеуметтік танымның

пәнін белгілеу үрдісінде шешуші

әлеуметтік құбылыстар адам өзара

ерекеті, әлеуметтік қатынастар,

әлеуметтік қайым мен үрдістер және т.б.

жатады. Белгілі қатынастар кандай да бір

әлеуметтік құбылыспен белгіленген,

белгілі заңдылықтардың нәтижесі

тәндікпен қарастырылған әрекетіне тәуелді. Олар әлеуметтанудың негізгі пәнін құрайды.



*Атақты ағылшын ғылымы  
ДЖ.Херд «Әлеуметтануға  
кіріспе» еңбегінде,  
әлеуметтану адамзат қоғамы  
жөнінде ғылым ретінде  
белгіленеді. Оның отандасы Э.  
Гидденс қоғамды әлеуметтік  
кеңістікте, әлеуметтік  
уақытта айқындалу  
формаларында қарастырады.  
«Әлеуметтану – бұл адамның  
әлеуметтік өмірі, топтар мен  
қоғам жөнінде оқу».*

Микросоциология әлеуметтік тәртіпке, тұлғааралық қатынасқа, тұлғанын әлеуметтенуі мен жекелендіруіне көңіл аударады

Макросоциология қоғамдық дүние жүзілік күйлермен және олардың әртүрлі мәдениет түрлерімен өзара әрекетімен, әлеуметтік институттармен, ауқымды үрдістермен байланысты. Макросоциология қоғамды, оның құрылымын, әлеуметтік институттарды тұтас әлеуметтік ағза ретінде қарастырады.





***В.А.Ядов «Осыдан әлеуметтануды анықтаудың екі әртүрлі жолдары ажыратылады: бірінші, ғылым ретінде пәнінің тұтас қозғамдық ағза, әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылуы, екінші, бұқаралық әлеуметтік үрдістер мен бұқаралық тәртіп жөніндегі ғылым» деп жазады.***



**2-кезең.** Қолданбалы әлеуметтану XX ғасырдың 30-60 жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде әлеуметтанудың әдістемелік және әдістік аппаратын дайындау басталды, әлеуметтану эксперименталды (практикалық) ғылымға айналды.

**3-кезең.** XX ғасырдың 60-90 жылдарын қамтитын кезеңде әлеуметтанудың өзінің теорияларын, алуан түрлі ой-тұжырымдарын өмірде қолдана бастады. Қазіргі кезде Батыс елдерінде парламент және президент сайлауларының қарсаңында нақтылы әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп отырады.

Әлеуметтану ғылым ретінде өзінің даму жолында негізгі төрт кезеңнен өтті

**1-кезең.** Әлеуметтану XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 20-30 жылдарының басында қоғамдық құбылыстарды баяндау сипатында болды. Бұл кезеңде ол философиядан бөлініп шығып, қоғам, адам, осылардың дамуы туралы мәселелерді зерттеудің, түсіндірудің жана ғылыми, әдістемелік тұжырымдарын іздестіре бастады.

**4-кезең.** Бүгінгі таңда әлеуметтану әлемдік шеңберде жүйелі білімге айналды. Бұл кезеңде әлеуметтану ғылымында алуан түрлі тұжырымдамалар, көптеген теориялар пайда болды.



**Бірінші теологиялық** немесе жалған сатыда (адамзаттың пайда болуынан бастап біздің заманымыздың 1300 жылына дейін) адам санасы құбылыстардың бастапқы немесе соңғы себептерін табуға тырысады. Ол «абсолюттік білімге ұмтылады». Теологиялық ойлау өз кезегінде дамудың үш кезеңінен өтеді: фетишизм, политеизм, монотеизм.

**Екінші метафизикалық** немесе абстрактілі сатыда (1300-1800) адам санасы құбылыстардың ішкі табиғатын, олардың мән-мағынасын қалыптасуының басты амалдарын ұғынуға, абстракциялар жолымен түсінуге тырысады. Олар сын тұрғысынан өткізіліп қаралады. Бұл кезең адамның интеллектуалдылығының ғылыми түрін, яғни позитивизмді дайындайды.

**Үшінші позитивті** немесе шынайы ғылыми кезең (1800 жылдан бастап) негізгі белгісі — мұнда ақыл ой түпкі себептер мен мәндердің ақылға қонымсыз анықтамаларынан бас тартып, оның орнына заңдарды қарапайым зерттеуге, яғни «бақыланатын құбылыстар арасындағы тұрақты қатынастарға» жүгінеді.

Г. Спенсер эволюция деп  
аталатын үдеріске жалпы  
мынадай анықтама  
берді. Эволюция дегенімі  
з — қозғалыстың  
барысында зат белгісіз,  
байланысыз әртектілік  
күйінен белгілі, өзара  
байланысқан әртекті күйге  
өтетін заттар  
интерациясы. Кез келген  
эволюция материяны  
соның алдындағы тепе —  
теңдік, біртекті күйінен

Г. Спенсер қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттей келе, әлеуметтік институттардың алты тұрпатын анықтап көрсеткен: туыстық, білім, саяси, шіркеу, кәсіби және өндірістік деп көрсеткен. Ол әлеуметтанушылардың ішінен ең алғаш болып жаңа терминдер енгізді. Олар: әлеуметтік жүйе, әлеуметтік институт, әлеуметтік бақылау, құрылым және функция.

